

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ КӨЛЕМІНДЕ ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ТӘЛІМГЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылы көлемінде «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 4-тармағында көрсетілген педагог лауазымына жұмысқа алғаш қабылданған адамға кәсіби бейімделуге практикалық көмек көрсету бойынша орта білім беру ұйымында тәлімгердің ақы төленетін қызметі – тәлімгерлік жүзеге асырылды. 2023 жылғы 01 қыркүйекте 11 жас маман, 02 қазанда 3 жас маман, 17 қазанда 1 жас маман, қарашада 1 жас маман, желтоқсанда 2 жас маман, қаңтарда 2 жас маман, сәуірде 1 жас маман, **жалпы саны – 21 жас маман** «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес конкурстық негізде орналастырылатын бос және уақытша бос педагог лауазымына Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының (бұдан әрі – гимназия директоры) бұйрығымен жұмысқа алғаш қабылданды. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БЖҒМ-нің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығын орындау мақсатында гимназия директорының міндетін уақытша атқарушының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі, 02 және 17 қазандағы, қарашадағы, желтоқсандағы, қаңтардағы, сәуірдегі «Жас мамандарға тәлімгерлікті тағайындау туралы» бұйрықтарымен кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен жас мамандарға:

№	Жас маман	Пәні	Тәлімгері	Пәні, қызметі
1.	Тасилова Дана Алтынбекқызы	математика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог» санаты 87758809255	Толисбаева Макбал Мирзабековна, «Педагог-зерттеуші» 19.08.2021, білім магистрі, 87015450214	биология пәні мұғалімі
2.	Малгаждарова Камила Львовна	ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог» санаты 87083523531	Сыздыкова Даржан Жумагазиевна, «Педагог-зерттеуші», 87762901113	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
3.	Серік Аружан Сағындыққызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог» санаты 87075431912	Нарбаева Мендыгуль Жетаевна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, 87081044821	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
4.	Құралқызы Ардақ	информатика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог» санаты	Айкулова Айгуль Кожакуловна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019,	биология пәні мұғалімі

		87474109189	87013214037	
5.	Әлімқұл Айгүл Тәжіғалиқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты, педагогика ғылымдарының магистрі, 87086112816	Байкушикова Лаура Урустемовна, «Педагог-зерттеуші» 27.12.2018, педагогика ғылымдарының магистрі, 87756669481	тарих пәні мұғалімі
6.	Нурғалиқызы Айшуақ	ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87081692140	Берекетова Гульнар Каманбековна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, 87011629155	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
7.	Абденгина Алмагуль Жоломановна	бастауыш сынып мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87074398133	Имашева Гульмира Достановна, «Педагог-зерттеуші» 19.08.2021, 87758836705	бастауыш сынып мұғалімі
8.	Көпен Назерке Жолдасбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87476483804	Бекеева Түйме Кожакуловна, «Педагог-зерттеуші» 27.12.2018, 87077788048	бастауыш сынып мұғалімі
9.	Куланова Гаухар Жандарбековна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87054309431	Досова Нурсулу Баракбаевна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, педагогика ғылымдарының магистрі, 87011974138	тарих пәні мұғалімі
10.	Дүйсек Бексұлтан Ерғалиұлы	информатика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты, педагогика ғылымдарының магистрі, 87064009165	Молдакулова Рабига Кенжалықызы, «Педагог-шебер» 01.09.2019, 87471851065	физика пәні мұғалімі
11.	Болат Құралай Саматқызы	математика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты, педагогика ғылымдарының магистрі, 87787091518	Молдагельдинова Салтанат Оралбаевна, «Педагог-зерттеуші» 28.12.2018, 87072914758	математика пәні мұғалімі
12.	Бержанова Ойсана Серікбайқызы	бастауыш сынып мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты	Жакупова Куляй Хабибулловна, «Педагог-зерттеуші» 27.12.2018, 87054659889	бастауыш сынып мұғалімі

		87024121998		
13.	Мырзамұрат Жазира Дарханқызы	биология пәні мұғалімі, жас маман, педагогика ғылымдарының магистрі, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты, педагогика ғылымдарының магистрі, 87073430752	Досова Нурсулу Баракбаевна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, педагогика ғылымдарының магистрі, 87011974138	тарих пәні мұғалімі
14.	Қазыбек Айман Жаналыкқызы	математика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87052210298	Валеева Алмагуль Оралбаевна, «Педагог-зерттеуші» 27.08.2019, 87029616249	бастауыш сынып мұғалімі
15.	Аширбек Әнел Канатбекқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санаты 87077563809	Бейсенова Самал Жанарбековна, «Педагог-зерттеуші» 04.10.2023, 87761544579	бастауыш сынып мұғалімі
16.	Альченова Айгерим Кайрбаевна	информатика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87023494950	Рахметова Толеу Орынбасаровна, «Педагог-зерттеуші» 27.08.2019, 87073579081	бастауыш сынып мұғалімі
17.	Шаймуратова Қуаныш Бериковна	Бастауыш сынып мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87026742390	Нурмагамбетова Айман Жаппарбердиевна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, 87022092710	бастауыш сынып мұғалімі
18.	Саипова Индира Рашидовна	Бастауыш сынып мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87473695059, 87056838969	Серім Батжан Сайлаубекқызы, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, 87757122135	бастауыш сынып мұғалімі
19.	Жанкур Мадина Абдижамилқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87002673040	Сагындықова Дамира Тлегеновна, «Педагог-зерттеуші» 19.07.2019, 87778287906	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
20.	Қожан Гүлназ Жұмабайқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87719673394	Алжаппарова Айнур Егеубаевна, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, 87755348687	Информатика пәні мұғалімі
21.	Қабдыбек Асылбек Балғабайұлы	дене шынықтыру пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог-тағылымдамашы» санаты, 87082929594	Молдағалиев Ерлан Болатович, «Педагог-зерттеуші» 13.08.2020, 87775192620	Дене шынықтыру пәні мұғалімі

тәлімгерлер бекітілді, тәлімгерлерге тәлімгерлікті жүзеге асырған кезеңі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленді. Тәлімгерлікті ұйымдастыруды үйлестіруді қадағалау директордың оқу жөніндегі орынбасары А. Бодановқа жүктелді.

Кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санатындағы Куланова Гаухар Жандарбековнаға гимназия директорының міндетін уақытша атқарушының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 134 бұйрығымен бекітілген тәлімгер – тарих пәні мұғалімі, «Педагог-зерттеуші» 01.09.2019, педагогика ғылымдарының магистрі Досова Нурсулу Баракбаевнадан тәлімгерлік қызметі 2023 жылғы 02 қазаннан бастап өзінің 02.10.2023 ж. күні жазған өтініші және «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының 9-бабы 4-тармағы негізінде алынып тасталды.

Кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен информатика пәні мұғалімі, жас маман, «Педагог тағылымдамашы/Педагог» санатындағы Альченова Айгерим Кайрбаевнаға гимназия директорының 2023 жылғы 17 қарашадағы бұйрығымен бекітілген тәлімгер – бастауыш сынып мұғалімі, «Педагог-зерттеуші» 27.08.2019 Рахметова Толеу Орынбасаровнадан тәлімгерлік қызметі 2024 жылғы 26 наурыздан бастап «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының 10-бабы және информатика пәні мұғалімі А.К.Альченовамен жасасқан еңбек шартын бұзу туралы гимназия директорының 2024 жылғы 20 наурыздағы №18 ж/қ бұйрығы негізінде алынып тасталды.

"Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы" ҚР БЖҒМ-нің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының 2-тарауы 3, 4-тармақтарын жүзеге асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктер өз отырыстарында хаттама негізінде ұсынған педагогтер есебінен "Тәлімгерлер резерві" (осы бұйрықтың 13, 14-тармақтарына сәйкес) № 1 педагогикалық кеңес шешімімен қалыптастырылды, тізімі (2 педагог-шебер, 14 педагог-зерттеуші) хаттамаға енгізілді; вакантты лауазымдар бойынша конкурс аяқталған соң орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогтерге бір оқу

жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын тәлімгер орта білім беру ұйымының басшысының міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілді.

Тәлімгерлікті жүзеге асырушы педагогтарды тағайындау, 2023-2024 оқу жылының тәлімгерлікті ұйымдастыру жоспары мен жас мамандарға арналған жұмыс жоспарын бекіту мәселелері гимназияның әдістемелік кеңесінің № 1 отырысында және 2023-2024 оқу жылының № 1 педагогикалық кеңесінің күн тәртібінде қаралды әрі бекітілді. Тәлімгерлер тағайындалған күннен бастап, директордың оқу жөніндегі орынбасарының тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды заңнамамен реттейтін нормативті құжаттарды түсіндіру, таныстыру және нұсқаулық жүргізілді, бейімдеу жоспарын жасауға практикалық көмек көрсетілді және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етті.

Тәлімгерлік процесі үш кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде: тәлімгер күнтізбелік 10 күн ішінде педагогтің кәсіби дайындық деңгейін анықтау мақсатында сұхбаттасу, сауалнама, кәсіби әңгімелесу жүргізді. Оның қорытындысы бойынша тәлімгер 5 жұмыс күні ішінде педагогтің дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика жүргізді, диагностика нәтижелерін ескере отырып, бір оқу жылы кезеңіне арналған тәлімгерлік жоспарын әзірлеп, директордың оқу жөніндегі орынбасарымен келісілді және гимназия директорымен бекітілді.

Екінші кезеңде тәлімгерлік жоспары іске асырылды және бір оқу жылы ішінде кәсіби даму және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізілді. Гимназия психологының жас мамандармен жұмыс жоспары жүзеге асырылды.

Гимназия әкімшілігінің бастамасымен «Жас маманнан кәсіби мамандыққа» мектепішілік біліктілікті арттыру курсы «Жас мамандар мектебі» қатысушыларын кәсіби педагогикалық қолдау жобасы ретінде 2022-2023 оқу жылында бастау алды. Курсқа 0-3 жыл педагогикалық еңбек өтілі бар барлық жас мамандар шақырылды. Курс бағдарламасы «Жазғы мектеп», «Күзгі мектеп», «Қысқы мектеп», «Көктемгі мектеп» деп аталатын төрт кезеңді қамтып, оқу жылының оқу тоқсандарының аяқталу уақытында, оқушылар демалысқа жіберілген мерзімде жас мамандарға жүргізілді. Курс тренерлері ретінде жоғары санатты педагогтар, директор орынбасарлары, гимназияның әкімшілігі құрамына кіретін қызметкерлер (психологтар, әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогтері т.б.), зерттеу топтарының жетекшілері мен көшбасшылар, тәлімгер-ұстаздар тартылды. Әр кезең 4 модульден құралған:

1. «Нормативтік құжаттар»;
2. «Білім беруде оқыту, дамыту әдістерін жетілдіру»;
3. «Мектеп миссиясы, пайымы және зерттеуге негізделген тәжірибе»;
4. «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрлері».

Оған қатысқан әрі гимназия контингентіндегі жалпы жас мамандар құрамы 33 педагогке жетті. 01.04.2023 ж. жағдай бойынша 31 жас маман қалды, педагог санының кемуінің себебі: қызмет орнын босату. Жас мамандардың 19,35%-ында (6 жас маман) магистр академиялық дәрежесі бар, 38,71%-ы «Педагог», 61,29%-ы «Педагог-тағылымдамашы» біліктілік санатында. Еңбек өтілі бойынша қарастырсақ, 0-1 жыл аралығындағылардың үлесі – 61,3% (19 жас маман), 1-2 жыл аралығындағылардың үлесі – 19,35% (6 жас маман), 2-3 жыл аралығындағылардың үлесі – 19,35% (6 жас маман).

Пәндік қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсынан (80 сағат көлемінде) 12 жас маман өткен: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ж.П.Жуманазарова, Е.Н.Қанғалиева, тарих пәні мұғалімі Р.М.Елтай, бастауыш сынып мұғалімдері А.Е.Таңат, А.Ж.Абденгина, К.Б.Шаймуратова, информатика пәні мұғалімі, робототехника Б.Е.Дүйсек, математика пәні мұғалімі Ә.М.Әптықали, биология пәні мұғалімі Б.Б.Болатова, ағылшын тілі пәні мұғалімі А.С.Апасқан, көркем еңбек пәні мұғалімі А.Ө.Ормыш, педагог-психолог Н.Е.Кәдіршін. Жас мамандардың аттестациядан өту және біліктілік санатын көтеруге қойылатын талаптың бірі оқу курсынан өтуі 38,7%-ға орындалды.

Қалалық және республикалық семинарларға жас мамандарды қатыстыру, озық педагогикалық идеяларды игеру және тәжірибе алмасу мақсатында еңбекақысын сақтай отырып жұмыс уақытында босатып жіберу жас мамандардың жалпы санынан 100%-ға (31 жас маман) орындалды, жұмыс уақытынан тыс уақытта жіберу 100%-ға орындалды, соның ішінде 2 жас маман (бұл жалпы жас мамандар санының 6,45%-ы) өндірістік іссапарға: Жуманазарова Жансая Пірманханқызы мен Қанғалиева Елназ Нұрлыбекқызы оқушыларды сауықтыру лагеріне жеткізуге жетекшілік жасау үшін жіберілді. Жас мамандарға бекітілген биылғы оқу жылындағы 21 тәлімгердің бесеуі – бастауыш сынып мұғалімі Г.Д.Имашева, дене шынықтыру пәні мұғалімі Е.Б.Молдағалиев, информатика пәні мұғалімі А.Е.Алжаппарова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д.Ж.Сыздыкова, биология пәні мұғалімі А.К.Айкулова (16%) «Білім беру ұйымдарындағы тәлімгер қызметінің ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен, 31

жас маманның барлығы (100%) қалалық Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен өткен қалалық оқыту семинарларына қатыстырылды.

"Дарынды балаларға - талантты ұстаз" республикалық-педагогикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңінің қорытындысы

2024 жылғы 24 ақпан күні гимназиямызда дәстүрлі педагогикалық олимпиаданың аймақтық кезеңіне іріктеу байқауы өткізілді. Байқауда педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын 16 жас маман бақ сынасып, жүлделі орындарды сарапқа салды. III дәрежелі дипломмен ағылшын тілі пәні мұғалімі Серік Аружан Сағындыққызы, II дәрежелі дипломмен ағылшын тілі пәні мұғалімі Әлімқұл Айгүл Тәжіғалиқызы, I дәрежелі дипломмен математика пәні мұғалімі Болат Құралай Саматқызы марапатталып, жеңімпаздар келесі оқу жылының басында өтетін қалалық кезеңге жолдама алды. Мектепшілік педагогикалық олимпиадаға 31 жас маманнан 16-еуінің қамтылуы – 51,6%-ды құрайды. 48,4%, яғни 15 жас маманның қамтылмауы – олардың педагогикалық іс-тәжірибесі қалалық деңгейге таратуға немесе бөлісуге жеткіліксіз, кәсіби және шығармашылық деңгейі төмен екендігін дәлелдейді.

Педагогикалық олимпиаданы қоса алғанда, қалалық кәсіби сайыстарға қатысу 41,9%, яғни 13 жас маманды құрады. Түрлі деңгейдегі сайыстарда жеңімпаз атанған оқушыларға тәлімгерлікті 6 жас маман, жалпы саннан 48,4%-ы жасады. Қалалық тәжірибе таратуға қатысқан жас мамандардың үлесі – 9,7% (3 жас маман). Мектепшілік жобаларға жетекшілікті 8 жас педагог, яғни 25,8%-ы атқара білді. Атап айтқанда, дебат клубының жұмысына жетекшілікті, қалалық деңгейдегі 8-10-сынып оқушыларына тренерлікті 5-7-сыныптардағы қазақ лигасына Р.М.Елтай, 8-11-сыныптардағы қазақ лигасына Ж.П.Жуманазарова, робототехника командасына жетекшілікті Б.Е.Дүйсек пен А.Құралқызы, «Ақниет» қыздар клубы жобасын А.Ө.Ормыш, ағылшын тілінде сөйлеу клубын А.С.Серік пен А.Нұрғалиқызы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас тілші» ұйымдарына жетекшілікті Е.Н.Қанғалиева атқарып келеді.

Жас мамандар бақылауға қатысқан тәжірибелі ұстаздардың сабағының жалпы саны – 371 сабақ. Жинақтаған жетістіктері мен сабақтарға жазбаша рефлексиялары жеке портфолиоларына үнемі жинақталып отырады. Сәйкесінше, тәлімгер кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысуы айына кем дегенде 2 реттен 9 ай көлемінде жүзеге асты. Тәлімгерлік кезеңінде педагогтар (биылғы 19 жас маман және 12 жас маман):

- Өзінің кәсіби деңгейін, ұйымдастырушылығын, тәртібін арттыру, практикалық дағдыларды меңгеру үшін үнемі жұмыс істеді;
- Тәлімгерден үйренген жұмыстың тиімді формалары мен әдістерін қолданды;
- Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәлімгердің ұсынымдарына сүйенді;
- Тәлімгері мен басқа да тәжірибелі педагогтердің сабақтарын бақылады және оларды талқылауға қатысты.
- Ынтымақтастықтың аралық нәтижелерін бағалау үшін әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің отырыстарында өз жұмысын ұсынды.
- Басшының орынбасарына тәлімгермен жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға енгізді.
- Ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысты.
- Тәлімгерлік жоспарында көзделген іс-шараларды орындады.

Тәлімгер өз кезегінде кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына айына 2 реттен кем емес, 9 ай ішінде бір тәлімгер 18-ден аса сабаққа қатысты, барлық 21 тәлімгерді қоса алғанда 342 сабақ бақыланды. Сонымен қатар, педагог сынып жетекшілік атқаратын сыныптың міндетті құжаттарын бірлесіп рәсімдеу және толтыруға қатысты. Кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша консультациялар жүргізіліп отырды: лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту, педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру, білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану бағытында жұмыс жүргізілді. Педагогпен кәсіби әңгімелесу және жеке коучинг барысында педагогтің кәсіби деңгейіне, дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жасалды. Пәндік әдістемелік бірлестіктерінің отырысында оқу тоқсаны сайын аралық есеп және 1-жартыжылдық қорытындысы бойынша бейнеролик ұсынылып тыңдалды.

Тәлімгерлікті ұйымдастырудың қорытынды кезеңінде 19 жас маман мен 21 тәлімгердің жылдық есебі 2023 жылғы 24 мамырда өткен 2023-2024 оқу жылының № 5 педагогикалық кеңесінде тыңдалып, жас мамандарға алдағы кезеңге ұсынымдар берілді. Кеңес мүшелері жас мамандармен жүргізілген тәлімгерлікті жақсы деңгейде жүргізілді деп бағалады.

Оқу жылы бойында жас мамандармен жүргізілген жұмыс пен тәлімгерлікті ұйымдастырудың **мықты жағды** – тәлімгерлердің біліктілігі мен еңбек өтілі, тәжірибесінің жоғары болуы, жас мамандардың жоғары білімді әрі магистратурада білімін жалғастырушылардың болуы, цифрлық сауаттылықтарының жоғары деңгейі. **Әлсіз жағды:** тәлімгер мен жас маманның оқу ауысымдарының әртүрлі кезеңде болуы, сабақтарды бақылауға қатысуға, жиналыстар өткізуге педагогтердің жүктемесінің көп болуы кері әсерін тигізуі, кәсіби сайыстарға қатысуға жас мамандардың ішкі уәжінің аз болуы. **Мүмкіндіктер:** тәлімгерлерді жас мамандарға жетекшілікке белгілеген тәрізді, дарынды оқушыларға тәлімгер мен жас маман дуэтын біріктіріп, үштік одақ қалыптастыру. **Қауіп-қатер:** педагогтердің басқа жұмыс орнына ауысуы, сайыстар мен байқау жеңімпаздарын марапаттау кезінде материалдық ынталандыру көздерінің болмауы, педагогтердің уақыты мен ресурстарының тиімсіз жоспарлануы.

Оқу жылы көлемінде бір рет тәлімгер ауыстыру жағдайы орын алды. Тәлімгерлер резервін 2024-2025 оқу жылының № 1 педагогикалық кеңесінде қарастыру үшін әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша білім беру ұйымының басшысы мен басшының орынбасарларын қоспағанда, барлық жұмыс істейтін педагогтер қатарынан «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар, педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтайтын, соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасын кемінде 60-70% көрсеткен педагогтердің тізімі түзілуде. Вакантты лауазымдар бойынша жұмысқа қабылданған педагогтер арасында жас мамандар болған жағдайда резервтегі тәлімгерлер тәлімгерлік атқаруға бұйрық жүзінде бекітілетін болады.